Key words: Information system (IS), Information technology (IT), Comprehensive Medical Information System (CMIS), vaccination.

Өзектілігі: Қазіргі заманғы денсаулық сақтаудың өзекті мәселесі ақпараттық инфрақұрылымды құруға және дамытуға бағытталған, онда компьютерлік технологиялар, компьютерлік желілер мен ақпараттық технологиялар негізінде құрылған бақылау -аналитикалық

ақпараттық жүйелер басты маңызға ие. Денсаулық сақтау жүйесін нығайтудың жаһандық басымдығы - ақпараттық жүйелерді жетілдіру болып табылады [1,2].

Қазіргі уақытта Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі негізінде медициналық көмектің сапасын жақсартуға арналған денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі енгізілуде. Қазақстанда денсаулық сақтау жүйесіне кешенді медициналық ақпараттық жүйелерді (КМАЖ) енгізу қажетті процесс болып табылады, өйткені ол медицина қызметкерлерінің жұмыс орындарын автоматтандырады және медицина қызметкерлерінің пациенттерді қарау уақытын үнемдеуге көмектеседі [3,4].

Елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының басты басымдықтарының бірі халықтың денсаулығын сақтау мен нығайту және аурулардың алдын алу болып табылады [5,6]. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 9-шы Дүниежүзілік денсаулық сақтау конференциясында «вакциналау» - бұл денсаулыққа қатысты 12 кеңестің бірі. Осылайша вакциналар салауатты өмір салтын құрайды [7].

Зерттеу мақсаты: Ақпараттық жүйелер арқылы халықты вакцинациялаумен қамтуды арттырудың маңыздылығын бағалау үшін әдебиеттік шолу.

Зерттеу барысында басылымдар және онлайн ресурстарды жүйелі іздестіру, деректерді талдау жүргізілді. Барлық деректер PubMed, Medline, E-library, Google Scholar базаларында индекстелген. Денсаулық сақтау жүйесін нығайту зор маңыздылыққа ие және оның негізгі құрамдас бөліктерінің бірі денсаулық сақтау саласында ақпараттық жүйелерді жетілдіру қажеттілігі [8,9].

Заманауи медициналық мекемелер үлкен көлемді деректерді өңдейді және жинайды. Медициналық мекеме жұмыстарының тиімділігі деректерді өңдеу мен басқару сапасына және қазіргі таңда денсаулық сақтауда өзекті ақпараттық технологияларды (АТ) қолдануға байланысты [10].

Бүгінде әлемдік тәжірибеде денсаулық сақтау саласында ақпараттық жүйелерді пайдалануда айтарлықтай тәжірибе жинақталған, олар бірқатар елдердің медициналық мекемелерінде кеңінен қолданылуда [11,12,13].

Mort M. Finch et al. зерттеулеріне сүйенсек, денсаулық сақтау саласында ақпараттық жүйелерді енгізу салдарынан медициналық көмек сапасын жақсарғанын көрсетті [14].

Кейбір авторлардың пікірінше [15,16], бүгінде ең кеңінен қолданылатын құралдар – ақпараттық технологиялар, компьютерлер және интернет. Бірде-бір терең ғылым саласы ақпараттық технологиясыз мүмкін емес.

Чебышева Н.В. өз еңбегінде медицина және денсаулық сақтау саласына ақпараттық технологияларды енгізу медициналық қызметкерлердің уақытын айтарлықтай дәрежеде үнемдейді, демек, медициналық қызметкерлердің құжат-қағаздарға емес, пациенттерге көп көңіл бөлуіне мүмкіндік беретінін атап өтті [17].

Көптеген мемлекеттер ішінде, барлық мамандықтар аясында, соның ішінде медицина саласы бойынша әлемдегі ең дамыған мемлекет Жапония саналады. Жапония басшылықтары ақпараттық жүйелерді енгізуге елеулі көңіл бөлуде, онда мұрағаттар мен ауру тарихының қолжазбалары қолданылмайды, бұның барлығы электронды жазбаларға ауыстырылған, ал бұл медицина қызметкерлерінің жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді [18]. АҚШ денсаулық сақтау саласындағы сол бағдарламаларға электрондық медициналық карталар (Electronic Health Record EHR), клиникалық шешімдерді қабылдауды қолдау (Clinical Decision Support CDS), фармацевтикалық ақпараттық жүйе, телемедицина, рентгенограмма суреттерін электронды жіберу (eRx) секілді ақпараттық жүйелер жатады [19]. Олардың арасындағы ең көп тараған бағдарламалардың бірі - электрондық медициналық карталар (EHR). Халықаралық Стандарттау мекемесінің берген анықтамасы бойынша электрондық медициналық карталар – медициналық көмек субъектісі туралы ақпараттар жинағы. Häyginen et al. айтуынша, электрондық медициналық карталар (EHR) мен пациенттің компьютерленген жазба (Computerized Patient Records CPR) терминдері бір-біріне синоним ретінде [20]. Ал, Lemai Nguyen [21], бұл ақпараттық жүйені – пациенттің туғаннан бастап өлімге дейінгі уақыт аралығындағы денсаулыққа байланысты әр мәліметтер жинағы

(мысалы, жалпы практика дәрігеріне қаралуы, госпитализация, аллергиялық мәліметтері және т.б) ретінде түсіндірді.

Қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде электрондық медициналық карталар жүйесін енгізу кеңінен қолданылуда. Бұған дәлел ретінде, 2005 жылы АҚШ –тағы жүргізілген сұрастыру нәтижелерін қарастырсақ, Массачусетсте алғашқы медициналық көмек мекемелерінің 23% -ы электрондық медициналық карталар жүйесін тәжірибеге енгізген [22]. Сондай-ақ, АҚШ қаласында электрондық медициналық карталар жүйесін 2010 жылдан бастап ауруханаларда енгізу жүйесі 15,1 % -ды құраса, 2015 жылғы зерттеу нәтижесіне сүйенсек, бұл жүйенің енгізілу дәрежесі 75,2% -ға жетті. [23,24] Ал бұл көрсеткіш Оңтүстік Кореяда керісінше, төмен болды. 2015 жылы Оңтүстік Кореяда барлық ауруханаларға жүргізілген ұлттық сұрастыру нәтижелері бойынша пациенттің электронды медициналық карталарды қолдануы 37,2% құрады.

Францияда ақпараттық жүйенің дамуы 2010 жылдан басталып, жеке медициналық картаны (French personal medical record DMR) орталықтандырылған пациент бақылауындағы жазба ретінде қолданылса, ал Австралияда пациенттің персональды медициналық электронды карта бағдарламалары 2014 жылдан бері жүзеге асырылуда. Бұл ақпараттық жүйеге 1.73 миллион адам тіркелген [25].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей [26], көп клиницистер қағаз құжаттарына қарағанда, электрондық медициналық карталарды қолдану тиімді деп санады, яғни бұл жүйемен жұмыс жасау тез және оңай қолданылатыны, медициналық көмек сапасының жақсарғаны, дәрі-дәрмектермен байланысты қателердің азайғандығы және де науқастармен қарым-қатынас жақсарғаны анықталды. Catwell L et all [27] мәліметіне сүйенсек, Еуропада Еуропалық Одақтың электронды денсаулық сақтаудың (e-Health) бірыңғай бағдарламасы енгізілген, оның негізгі міндеттерінде науқас туралы медициналық ақпаратты өңдеу болды. Ал, эстондық денсаулық сақтау жүйесі Еуропадағы ең үздік прогрессивті жүйелердің бірі. Эстондықтар науқас туралы ақпарат жинайтын денсаулықтың орталық деректер базасын құрған. Ақпараттық технологияларды қолдану «қағаздық жұмысқа» уақытты айтарлықтай үнемдейді [28]. В.К.Тагиров пікірінше [29], медициналық қызметкерлердің электронды ауру тарихын толтыруда айтарлықтай уақытты үнемдеуге, лезде науқас туралы ақпарат алуға, оның аурушандығын, зерттеу нәтижелерін білуге болады.

ТМД елдерінде, ең алдымен Ресейде денсаулық сақтауды ақпараттандыру бағдарламасы ХХ ғасырдың 60 жылынан басталып, белсенді жүзеге асырылуда. 2011 жылдың сәуір айында Ресей денсаулық сақтау саласының Бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесін құру Концепциясы бекітілді. Ресей медициналық ақпараттандыру саласында медициналық құжат негізге айналды [30,31,32]. Сондай-ақ, Беларусь Республикасында денсаулық сақтау саласын ақпараттандыру үздіксіз дамуда. Барлық денсаулық сақтау мекемелері дербес компьютерлермен жабдықталған. Емхана мекемелерінде кіші жүйелер және автоматтандырылған жұмыс орындары: "Тіркеу орны", "Статистика", "Диспансеризациялау" базасында жергілікті есептеу желілері құрылған [33,34].

Е.Евдоккимова пікірінше, [35] денсаулық сақтау саласында мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаты - халыққа сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек көрсету.

Бүгінде стратегиялық бағдарламаның «Информациялық Қазақстан - 2020» белсенді жүзеге асуы негізінде барлық емханаларда, емдеу мекемелерінде тіркеу-есеп беру құжаттары электронды түрде жүргізілуде.

Соңғы он жылдықтар ішінде вакциналау жұқпалы аурулардың құрылымында айтарлықтай өзгерістерге, көптеген мемлекеттерде, соның ішінде дамушы елдерде, Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының (ДДСҰ) мәліметі бойынша халықтың ауруы мен өлім-жітімінің төмендеуіне әкеледі деп санайды. ДДСҰ сарапшыларының пікірінше, вакциналау ауыз суды тазартумен қатар, қоғамдық денсаулық жағдайына жағымды әсер ететін шаралар болып табылады. Сонымен қатар, иммунопрофилактика медицина дамуының қазіргі кезеңіндегі адамзатқа жыл сайын экономикалық тұрғыдан алғанда, шамамен 400 млн жыл өмір сүруге қабілетті тиімді алдын алу шараларының бірі [36,37].

Италияда 2017 жылы вакциналаудың жаңа ұлттық жоспары бекітілді. Медицина қызметкерлері әсіресе денсаулық сақтау мамандары (оның ішінде гигиена және профилактикалық медицина саласындағы қызметкерлер) вакцинацияны ақпараттандыру мен жылжытуда маңызды рөл атқарады. Осы тұрғыда итальяндық гигиена, профилактикалық медицина және қоғамдық денсаулық сақтау қоғамының ауруханалық гигиенаны зерттеу тобы вакциналарға қатысты білімді, көзқарасты және тәжірибені бағалау үшін сауалнама жүргізді. 2019 жылдың қазан айында жүргізілген сауалнамаға В гепатитіне (88,9%) және қызылшаға (86,1%) қарсы иммунизациямен көбірек ақпараттандыру қажет деп хабарланды, ал қатысушылардың 81,3% - ы тұмауға қарсы вакциналауды ұсынды [38].

Қытайда вакциналардың қауіпсіздігі ата-аналар үшін мемлекеттік деңгейде мерзімі өтіп кеткен және бүкіл Қытай бойынша жеке жеткізушілерде дұрыс сақталмаған вакциналар 5 жыл бойы болғанын анықтаған кезде үлкен мәселеге айналды. Вакциналаудың дұрыс және уақтылы жүргізілуіне жоғары жауапкершілікті отбасылық дәрігерлер мен балалар амбулаторияларының медицина қызметкерлеріне жүктеледі, олар ұйымдастырылған балалар ұжымына бармайтын балаларға иммунопрофилактиканы ұйымдастыру және вакциналауға мониторинг жүргізілуі кезінде өздерінің функционалдық міндеттерін тиісті дәрежеде орындамайды [39]. Marti M. әдебиет көздерінде (2017) вакциналауға қатысты шешім қабылдаудағы сенімсіздік жыл сайын миллиондаған адамдардың өмірін сақтап қалуға және аурудың алдын алуға арналған вакциналардың құндылығы туралы дәлелдерге қарамастан, бүкіл әлемде алаңдаушылықтың санының өсіп келе жатқанын көрсетеді. Вакциналаудан бас тартудың ең көп таралған себептері вакциналаудың қауіптерімен, оның қажеттілігі туралы білім мен хабардарлықпен, діни, мәдени, гендерлік немесе әлеуметтік-экономикалық факторлармен байланысты [40]. Ресейде балаларға иммундау жүргізуге ата-аналық көзқарасты зерттеу соңғы жылдары теріс динамика тенденциясын көрсетті, бұл осы процестің тиімділігі мен қажеттілігіне қатысты сенім моделін (Health Belief Model) енгізуді ұсынды [41].

Вакциналық профилактика инфекциялық ауруларды бақылаудың жалпыға белгілі болған әдісі. Алайда, педиатриялық тәжірибеде иммундау қазіргі уақытта көптеген мәселелермен байланысты болып келеді. Олардың бірі орта медицина қызметкерлері мен пациенттер арасындағы иммунопрофилактика мәселелері бойынша комплаенттіліктің төмендеуі болып табылады, бұл өз кезегінде халықтың вакциналауға бейілділігіне әсер етеді. Ата-аналардың көпшілігі вакциналар мен вакциналау туралы негізгі ақпарат көзінің 60%-ын орта медицина қызметкерлерінен (емханалар мен стационарлар дәрігерлері), сауалнамаға қатысқандардың үштен бірі яғни 15,8%-ы болса таныстарынан немесе туыстарынан (немесе ғаламтор желісінен) ақпарат алады. Сонымен қоса алғанда, респонденттердің жартысынан астамы вакциналау туралы медициналық әдебиет көздері жеткіліксіз деп санайды және сауалнамаға қатысушылардың үштен бірі ғана учаскелік дәрігерден ақпарат алғаны анықталды [42]. Ата-аналардың балаларын иммундау қажеттілігіне көбірек күмән келтірулерінің басты себебі – жанама әсерлері немесе вакциналаудың асқыну қаупі. Иммунизациялаудан бас тартуды жеңудегі ең маңызды рөлді атқаратын – отбасылық дәрігер, олар ұсынылған иммунизациялаудың қауіптері мен артықшылықтары туралы білуі керек. Халиуллина С. зерттеу жұмысында (2019), медицина қызметкерлерінің тұмауға қатысты иммунопрофилактикасына қатынасы оң (60,4%) (95% СИ 54,3–66,5, 151/250). Зерттеуге қатысқан 250 адамның 73-інде бейтарап қатынас (29,2%) (95% СИ 23,5/34,9) және тек 10,4% (95% СИ 6,7–14,1, 26/250) ерекше профилактикаға теріс нәтиже көрсетті. Сондай-ақ, әртүрлі кәсіби топтарды тұмаудың иммунопрофилактикасына оң және теріс қатынас жиілігі бойынша салыстыру жүргізілді. Дәрігерлер тобында вакциналауға оң көзқарас көрсеткішінің ең жоғары жиілігі, ал кіші медицина қызметкерлерінде теріс көрсеткіш байқалды [43]. Санкт-Петербургте тұмаудың алдын-алудың негізгі шараларының бірі – медицина қызметкерлерін иммундау, бұл тек медицина қызметкерлерін ғана емес, сонымен бірге табиғи иммундауға немесе вакциналауға болмайтын пациенттерді жанама түрде қорғайды, әсіресе пациенттердің иммунитеттік жай-күйі. ДДСҰ ұсынымдары бойынша денсаулық сақтау қызметкерлерінің тұмауға қарсы бірінші кезектегі вакциналауы пациенттерде сырқаттанушылық пен өлім-жітімді төмендетуге және эпидемиялар мен пандемия кезеңінде денсаулық сақтау

жүйесінің жұмыс істеу тұтастығын сақтауға ықпал етеді. Тұмауға қарсы вакциналау ең алдымен, асқыну қаупі жоғары деңгейдегі науқастарға және кәсібі бойынша тұмау мен басқа адамдарға жұқтыру деңгейі жоғары адамдарға ұсынылады. Ресей Федерациясындағы ұлттық вакциналау күнтізбесіне сәйкес, тұмауға қарсы вакциналауға 6 айдан асқан балалар, мектеп оқушылары, жоғары және орта кәсіптік оқу орындарының студенттері, медициналық және білім беру мекемелері мен көлік-коммуналдық сала қызметкерлері және егде жастағылар жатады. Осылайша, тұмауға қарсы вакциналау медициналық мекемелерде жұкпалы аурулардан қауіпсіздікті арттырудың тиімді құралы болып табылады [44]. Архангельск облысында муниципалды және аймақтық ауруханаларының дәрігерлері мен орта медицина қызметкерлері арасында медицина қызметкерлерінің инновациялық тиімділігін қалыптастыру жүйесін талдау үшін әлеуметтік зерттеу жүргізілген. Стационарларда бұл көрсеткіштер одан да жоғары: дәрігерлердің 87,0% - да дербес компьютер бар, ал 64,9% -да интернет желісін пайдалану дағдылары бар. Медицина қызметкерлерінің тек 15,0% -ы ғана жұмыс орнынан интернетке қол жеткізе алады. Медицина қызметкерлері өз жұмыс орындарының төмен техникалық жабдықталуын өз қаражаты есебінен толтыруға мәжбүр: дәрігерлердің 76,3% - ы және мейірбикелердің 63,5% -ы үйде жеке компьютері бар; дәрігерлердің 60,5% -ы және мейірбикелердің 30,4% - ы үйден интернетке қол жеткізе алады. Осының есебінен медициналық қызметкерлердің интернетті кәсіби мақсаттарда тұрақты пайдалану пайызы ұқсас орташа еуропалық көрсеткіштен асып түседі және 55,3% - ды құрайды [45,46].

Лопушов Д.В. зерттеу жұмысында (2018) вакциналық профилактика туралы халықты иммундауды жүзеге асыратын орта медицина қызметкерлерін мамандандырылған циклдарда оқыту барысын анықтады. Жүргізілген сауалнамаға нәтижесі бойынша респонденттердің көпшілігі вакцина профилактикаға оң көзқараспен қарайды. Сауалнамаға қатысқандар арасында дәрігерлердің 45% - ы вакцина профилактика бойынша мамандандырылған оқытудан өтті, ал бұл көрсеткіш орта медицина қызметкерлер арасында 65% - ды құрады. Оқыту нәтижелерін анықтау барысында жүргізілген сауалнамаға қатысқандардың 99,3% - ы оқытудың қажет екендігін және 78% - ы оқыту барысында айтылған дағдыларды одан әрі жұмыс жасау кезінде пайдаланатын туралы айтты [47].

Қазақстандық зерттеуші Байбусинова А.Ж. вакциналау туралы ақпарат көздеріне деген сенімді талдау барысында екі топты салыстырғанда дәрігерлерге деген сенімділік 68,1% құрады. Бұл ретте, дәрігерлерден вакциналау туралы ақпарат алу мәселесі бойынша елеулі айырмашылықтар бар ($p=0,037$). Екінші орында интернет желісінен ақпарат алу 18,6%, вакциналаудан бас тартқандар тобында бұл көрсеткіш 6,6% вакциналанған топқа қарағанда 12% жоғары. Алынған нәтижелер бойынша респонденттер вакциналау туралы негізгі ақпаратты емхана дәрігерінен алады деген болжам жасалды [48]. Ал Н.Ю. Насырtdинованың зерттеу жұмысында адам папилломасы вирусына қарсы вакциналау туралы ақпарат алу көздері туралы ғылыми мақаласында негізгі дереккөздер: интернет желісінен ($28,0 \pm 0,67\%$), медицина қызметкерлерінен ($25,6 \pm 0,67\%$), таныстардан $13,9 \pm 0,52\%$, вакциналау жүргізген ата-аналардан $5,3 \pm 0,34\%$, теледидардан $12,2 \pm 0,49\%$, радиодан $2,7 \pm 0,24\%$ ақпарат алғаны туралы көрсетілген [49].

ҚР денсаулық сақтауды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында ұлттық егу күнтізбесін ұйымдастыру және үйлестіру бойынша халықты иммундық профилактикамен қамту жұмысы, оның ішінде халықтың профилактикалық егуден бас тартуын азайту үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жасалды. Профилактикалық егу жүргізілетін инфекциялық аурулар тізбесіне адамның папиллома вирусына қарсы вакциналауды енгізу қарастырылды [50].

ҚР Ұлттық күнтізбесіне сәйкес дифтерияға, көкжөтелге, қызылшаға, қызамыққа, сіреспеге, паротитке, В вирустық гепатитіне, полиомиелитке, туберкулезге, тұмауға, гемофильді инфекцияға қарсы иммундау жүзеге асырылады. Иммунопрофилактика үшін тек тіркелген, отандық және шетелдік медициналық иммунобиологиялық препараттар қолданылады. Дамушы елдер балаларға вакциналау жүргізу үшін күресіп жатқанда, дамыған елдерде басқа мәселелер туындайды: аурудың төмен деңгейіне байланысты тұрғындар тынышталып, кейбіреулері вакциналаудан бас тартты. 2019 жылдан бастап Қазақстанда қызылша ауруының алдын алу бойынша шаралар

кабылдап, қосымша иммундау жүргізіле бастады. ҚР егудің Ұлттық күнтізбесі жиырма бір инфекциялық аурудың алдын алуды көздейді. Халықты иммундау тегін жүргізіледі, шамамен жыл сайын сегіз миллионға жуық адамға вакциналау жүргізіледі. Екпелерді жүргізу үшін ҚР денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген вакциналар мен медициналық иммундық-биологиялық препараттар пайдаланылады. Қазақстанның тәуелсіздігі қарсаңында профилактикалық егулердің Ұлттық күнтізбесіне бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді [51,52].

Қазақстандық вакциналық профилактика күнтізбесіне сәйкес қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы тірі вакциналарды енгізу бір жасқа дейін балаларға плацента арқылы берілетін аналық антиденелермен ықтимал бейтараптандырылуына байланысты ұсынылмайды. Екінші жағынан, ананың денесінде мұндай антиденелер болмаған жағдайда, ерте жаста балаларды вакциналау ұсынылады [53]. Қазақстан Республикасында негізінен созылмалы инфекциялық емес ауруларды қамтитын бірнеше тіркелімдер бар. Соңғы жылдары электрондық денсаулық сақтау және электрондық үкімет белсенді дамуда. Сондықтан Қазақстан үшін иммундау тіркелімін құруға қолайлы алғышарттары бар. Пациенттерді жеке сәйкестендіру нөмірі бойынша жүргізуге, ақпараттың қайталануын болдырмау үшін иммундау базасын басқа базалармен синхрондауға болады. Мысалы, отбасы жағдайы туралы толық деректер және ерлі-зайыптылар мен балалар, тұрғылықты мекен-жайы және т.б. туралы мәліметтер «Е-gov» электрондық үкіметтің деректер базасында сақталады. Қазіргі уақытта вакциналаудан бас тартқандар туралы ақпарат статистикалық есепті уәкілетті органдарға жүйелі түрде беріледі. Бірақ олар бойынша бас тарту себептеріне, қауіп факторларына ғылыми талдау жүргізу және вакциналаумен қамту деңгейін және алдағы жылдарға бас тартқандардың санын болжау қиын. Тиімді құрылған иммундау регистрінде бұл мәселелер шешілуі мүмкін. ҚР-да тіркелімді құруға халықаралық тәжірибенің мәселелері мен қателіктерін ескеру қажет.

Заманауи денсаулық сақтау саласында тиімді ақпараттық жүйелердің бірі – профилактикалық мобилді жүйенің (mHealth) қарқынды дамуымен тығыз байланысты.

mHealth – мобилді ұялы телефон арқылы пациенттерге мониторинг жүргізумен айқындалатын цифрлық жүйе [54,55]. Пациенттер осы мобилді жүйе арқылы (mHealth) өздерінің денсаулықтары туралы жеке мәліметтерді бақылап отырады [56]. Tripoli зерттеу жұмысында (2018), соңғы 10 жылдықта мобилді жүйені қолдану салдарынан байланыстың және медициналық қызмет сапасының айтарлықтай жақсарғанын атап көрсетті. Бұл жүйе арқылы пациент денсаулығы туралы әр түрлі ақпарат алуға, созылмалы аурулар және т.б. аурушандықты бақылау, емдеу әрі тиімді басқаруға мүмкіндік береді [57,58].

Медициналық қызметтерді цифрландыруға кеңестік мемлекеттер арасында Литва, Латвия, Эстония, Беларусь да көшті. Мысалы, Беларусьта орталықтандырылған цифрлық денсаулық сақтау жүйесі құрылуда. Оның негізін электронды медициналық картаның кешенді жүйесі құрайды.

Кучеренко өз еңбегінде цифрландыру – ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы екенін айтты. Мекемеаралық байланыста да, азаматтармен қарым-қатынас кезінде де қағазбастылықтан барынша бас тартқан жөн. Жыл соңына дейін ең қажетті анықтамалардың қағаз түрінде талап етілуін тоқтатып (47-ден 30-ы), мәліметті цифрлы түрде қамтамасыз етуді тапсырды. Былтырдың өзінде цифрлық майнинг ісіне 80 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылғанын көрсетті [59].

Цифрландыру ҚР Денсаулық сақтау жүйесінің болашағын айтарлықтай өзгерте алады. Экономикалық тұрғыдан тиімді жаңа цифрлық медициналық қызметтерді қабылдау және енгізу мұны істеуге мүмкіндік беретін ортаның болуын талап етеді. Бұл азаматтардың, пациенттер мен мамандардың қарым-қатынасы мен оқытылуына, сондай-ақ жаңа технологияларды енгізу кезінде ұйымдастырушылық және қаржылық кедергілерді еңсеруге қатысты. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстанның барлық денсаулық сақтау мекемелері 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап медициналық құжаттаманы қағазсыз толық жүргізуге толық көшкенін атап өтті [60].

Электрондық құжат айналымы дәрігерлер мен мейірбикелердің бланкілерді толтыруға жұмсайтын уақытын едәуір үнемдеуге және олардың қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Алайда, денсаулық сақтау мекемелерінде ақпараттық жүйелерді енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру барлық медицина қызметкерлерін қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды пайдалануға оқытуды ұйымдастырумен, сондай-ақ медициналық қызметкерлердің жалпы білім деңгейін арттыру қажеттілігін айқындайды [61,62].

Бүгінде COVID-19 вакцинациясы қарқынды түрде жүргізіліп жатқандықтан, вакцинацияланғандармен бірге вакцинациядан бас тартатын тұрғындар да бар, халықтың вакцинация туралы хабардарлығын және медициналық көмек сапасын арттыру үшін бірқатар қалалық емханаларда кешенді медициналық ақпараттық жүйесіне (КМАЖ) қосымша опцияны енгізу қажет. Цифрландыру жағдайында денсаулық сақтау жүйесін нығайтудың жаһандық басымдығы – вакциналау туралы ақпараттың барлығына қолжетімді және түсінікті етуге бағытталған денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйесін жетілдіру қажеттілігі болып табылады [8,9].

COVID-19 вакцинациясы бүгінгі таңда пандемиямен күресудің жалғыз құралдарының бірі және медицина қызметкерлері вакцинация кампаниясының алдыңғы қатарында. Қазіргі таңда КМАЖ арқылы медицина қызметкерлерінің вакцинациялауға бейілділігі мен жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, әдебиеттік шолу негізінде, жоғарыдағы айтылғандарды қорытындылай келе, автоматтандырылған ақпараттық жүйенің алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде жүзеге асырылуы медициналық қызметкерлер уақытын үнемдеуге, жұмыс үрдісін басқаруды жақсартуға, ақпарат алуға қолжетімділікті жеңілдетуге, тұрғындарға медициналық көмек көрсету сапасын жоғарлатуға және медициналық мекемелер жұмысының тиімділігін арттыруға үлкен септігін тигізеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кучеренко В.З., Свердлов Ф.Ю. Анализ представленности медицинских информационных систем медицинских организаций города Москвы (по данным 2013-го года) //Проблемы стандартизации в здравоохранении, 1-2, 2015. С.63-65.
2. Мамросенко К.А. Инновационные технологии в здравоохранении первой половины 21 века// Программные продукты, системы и алгоритмы. 2013. [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://swwsys-web.ru/information-technology-in-health-care.html> (дата обращения: 11.02.2017).
3. AhmadiM, DamanabiS, Sadoughi F.A. Comparative the study of proposed models for the components of the national healthinformation system. J. Acta Inform Med. 2014 Apr;22(2):115-9.
4. А.С.Тастанова., А.Ш.Баракова., А.Ш.Каипова., Ж.Н.Абдикадыр. Медицина саласындағы ақпараттық жүйелердің өзектілігі мен тиімділігі // Астана медициналық журналы. -2015. -№4. –С.154-157.
5. McClure C.C., Cataldi J.R., O'Leary S.T. Vaccine Hesitancy: Where We Are and Where We Are Going // Clin Ther. - 2017. - Vol. 39, №8.- P.1550-1562.
6. Ahmed A., Lee K.S., Bukhsh A., Al-Worafi Y.M., Sarker M.M.R., Ming L.C., Khan T.M. Outbreak of vaccine-preventable diseases in Muslim majority countries // J Infect Public Health. - 2018. - Vol.11, № 2. - P.153-155.
7. Emilio Bouza, Julio Ancochea-Bermúdez and Esteban Palomo. Vaccines for the prevention of infections in adults: an opinion paper on the situation in Spain//Rev EspQuimioter 2019;32(4):P.333-364.
8. Elesban Kihuba, David Gathara,Stephen Mwinga,Mercy Mulaku, Rose Kosgei, Wycliffe Mogoqa,Rachel Nyamai, and Mike English. Assessing the ability of health information systems in hospitals to support evidence-informed decisions in Kenya.J.Glob Health Action. 2014; 7: 10.3402/gha.v7.24859.
9. Nutley T, Reynolds HW. Improving the use of health data for health system strengthening.J.GlobHealthAction. 2013 Feb 13;6:20001.
10. Доан Д.Х.Предназначение медицинских информационных системREDS: телекоммуникационные устройства и системы

11. Singleton P, Pagliary C, Detmer DE: *Critical Issues for electronic health records*. The Nuffield Trust; 2013.
12. Onalenna Seitio-Kgokgwe, Robin D. C. Gauld, Philip C. Hill, and Pauline Barnett. *Development of the National Health Information Systems in Botswana: Pitfalls, prospects and lessons* *Online J. Public Health Inform.* 2015; 7(2): e210.
13. Kierkegaard P. *eHealth in Denmark: a case study*. *J Med Syst.* 2013 Dec; 37(6):9991.
14. Mort M, Finch T, May C: *Making and Unmaking Telepatients: Identity and Governance in New Health Technologies*. *Science Technology Human Values* 2009, 34: 9-33.
15. В.К. Тагиров., А.В. Дудко., Н.В. Воронова. *Использование информационных технологий как перспективное направление развития системы здравоохранения // Актуальные проблемы технических наук в России и за рубежом. Сборник статей Международной научно-практической конференции 13.02.2017г. Челябинск. НИЦ АЭТЕРНА.-с.102-103.*
16. Meier CA, Fitzgerald MC, Smith JM. *e-Health: extending, enhancing, and evolving health care*. *Annu Rev Biomed Eng.* 2013; 15:359–382.
17. Чебышева Н.В. *Информационные технологии и их применение в современной системездравоохранения. В сборнике: Актуальные концепции развития гуманитарных естественных наук: экономические, социальные, философские, политические, правовые аспекты материалы международной научно-практической конференции. 2016. С. 115-117.*
18. Сердюк А.В., Матвеев В.М. *Основные проблемы и перспективы развития информационного общества на современном этапе // В сборнике: Первые шаги а науку: Современные проблемы и перспективы развития. Материалы I (первой) краевой научно-практической конференции преподавателей и студентов среднего профессионального образования. Краснодар, 2013. С. 205-207.*
19. Koppel R. (2016) *Great Promises of Healthcare Information Technology Deliver Less*. In: Weaver C., Ball M., Kim G., Kiel J. (eds) *Healthcare Information Management Systems*. Health Informatics. Springer, Cham
20. Koppel R. (2016) *Great Promises of Healthcare Information Technology Deliver Less*. In: Weaver C., Ball M., Kim G., Kiel J. (eds) *Healthcare Information Management Systems*. Health Informatics. Springer, Cham
21. *Electronic health records implementation: An evaluation of information system impact and contingency factors* Lemai Nguyen *, Emilia Bellucci, Linh Thuy Nguyen. *I n t e r n a t i o n a l j o u r n a l o f m e d i c a l i n f o r m a t i c s* 8 3 (2 0 1 4) 779–796. School of Information and Business Analytics, Deakin University, Melbourne, Australia.
22. Boonstra et al.: *Implementing electronic health records in hospitals: a systematic literature review*. *BMC Health Services Research* 2014 14:370.
23. Kim YG1, Jung K2, Park YT3, Shin D1, Cho SY1, Yoon D4, Park RW: *Rate of electronic health record adoption in South Korea: A nation-wide survey*. 2017 May
24. 2017 Nov 1; 24(6):1142-1148. doi: 10.1093/jamia/ocx080. *Electronic health record adoption in US hospitals: the emergence of a digital "advanced use" divide*. Adler-Milstein J, Holmgren AJ, Kralovec P, Worzala C, Searcy T, Patel V
25. *Improving clinical practice using clinical decision support systems: a systematic review of trials to identify features critical to success*. Kawamoto K, Houlihan CA, Balas EA, Lobach DF *BMJ.* 2005 Apr 2; 330(7494):765.
26. Koppel R. (2016) *Great Promises of Healthcare Information Technology Deliver Less*. In: Weaver C., Ball M., Kim G., Kiel J. (eds) *Healthcare Information Management Systems*. Health Informatics. Springer, Cham
27. *Медицинские информационные технологии: прогноз развития на 2012 год и перспективу [Электронный ресурс] / М., 2012. — 20 с. — URL: <http://www.aksimed.ru/products/Resource/reviews.php>. (Дата обращения: 01.12.2016г)*
28. Dogac A, Yuksel M, Ertürkmen GL, Kabak Y, Namli T, Yıldız MH, Ay Y, Ceyhan B, Hülür U, Öztürk H, Atbakan E. *Healthcare information technology infrastructures in Turkey*. *J. Yearb Med Inform.* 2014 May 22; 9:228-34. doi: 10.15265/IY-2014-0001.

29. В.К.Тагиров., А.В.Дудко., Н.В.Воронова. Использование информационных технологий как перспективное направление развития системы здравоохранения // Актуальные проблемы технических наук в России и за рубежом. Сборник статей Международной научно-практической конференции 13.02.2017г. Челябинск. НИЦ АЭТЕРНА. -с.102-103
30. А.В.Кузьмин., В.В.Овчинников., Л.А.Богданова., Е.И.Шульман. Информационные технологии в здравоохранении: перспективы развития и правовое регулирование // Тихоокеанский медицинский журнал, 2013, №3. - С.86-89.
31. Khanna R., Pace P.F., Mahabaleshwarkar R., Basak R.S., Datar M., Vanahan B.F. Medication adherence among recipients with chronic diseases enrolled in a state Medicaid program. *Popul.HealthManag.* 2012 Oct; 15(5): 253-60.
32. Цыганов С.Н. Проблемы автоматизации медицинских учреждений в России // Евразийский союз ученых. 2015. № 4-5 (13). С. 74-77.
33. Е.Евдокимова. Роль применения электронных медицинских карт пациентов в системе здравоохранения // РИСК: Ресурсы, информация, снабжение, конкуренция. -№1.-2015.-С.202-204.
34. Shukla V.V., Shah R.C. Vaccinations in Primary Care // *Indian J. Pediatr.* – 2018, January 6. -№1. - P. 112-115.
35. Вакцины и вакцинация: национальное руководство/ под ред. Зверева В.В., Семенова Б.Ф., Хаитова Р.М. - М.: Гэотар-Медиа, 2011. - 880 с.
36. Maze M.J., Bassat Q., Feasey N.A., Mandomando I., Musicha P., Crump J.A. The epidemiology of febrile illness in sub-Saharan Africa: implications for diagnosis and management // *Clin Microbiol Infect.* - 2018. – P.1198-1743.
37. Hae Won K., Hyang Yuo L., Seong Eun Kim. Perceptions of nurses on human papillomavirus vaccinations in the Republic of Korea. *PLOS ONE* February 6, 2019. P. 1-15.
38. Maria Teresa M., Osvalda De Giglio, Christian Napoli. Adherence to Vaccination Policy among Public Health Professionals: Results of a National Survey in Italy. *Vaccines (Basel)*. 2020 Sep; 8(3): 379.
39. Доронина Е.В. Вакцинопрофилактика и права детей // Научно- медицинский вестник Центрального Черноземья. – 2017. - № 43. - С. 81-83.
40. Marti M., Cola M., MacDonald N.E., Dumolard L., Duclos P. Assessments of global drivers of vaccine hesitancy in 2014- Looking beyond safety concerns // *PLoS One*. - 2017. - Vol.12, №3. – P.172.
41. Антонова Н.А., Ерицян К. Ю., Дубровский Р.Г., Спирина В.Л. Отказ от вакцинации: качественный анализ биографических интервью // Журнал Теория и практика общественного развития. – 2014. - №20. - С. 12-15.
42. Дмитриев А.В., Федина Н.В., Ткаченко Т.Г., Гудков Р.А., Петрова В.И. Приверженность вакцинации различных слоев населения: результаты анкетирования. *Детские инфекции.* - 2019. - Т.18, № 4. - С. 32-37.
43. Халиуллина С.В., Аглиуллина С.Т., Анохин В.А., Павлова Т.Ю. Казань Вакцинопрофилактика гриппа. Что думают о ней медицинские работники? // *Практическая медицина* Том 17, № 5. 2019. С. 212-218.
44. Дешева Ю. А. Вакцинопрофилактика гриппа среди работников здравоохранения. // *Вестник гематологии*, том XII, № 4, 2016. С. 39-40.
45. Хорева О.В., Басова Л.А., Хорева Е.А. Оценка уровня инновационной культуры медицинских работников лечебно-профилактических учреждений Архангельской области. *Международный научно-исследовательский журнал.* № 1 (67) Часть 2, Январь 2018. С. 69-72.
46. Усмонова Р., Рахмонова М. Применение компьютерных технологий в работе медсестер. *«Мировая наука»* №1(34) 2020. С. 510-513.
47. Лопушов Д.В., Радченко О.Р., Филиппова С.Ю., Сабаева Ф.Н., Фазулзянова И.М. Современный взгляд и пути совершенствования знаний медицинских работников по вакцинопрофилактике. *Журнал Дневник казанской медицинской школы* 3 (21) сентябрь 2018 г. С. 62-66.
48. Байбусинова А.Ж., Мусаханова А.К., Шалгумбаева Г.М. Источники получения информации о вакцинации и доверие к ним женщин, проживающих в Восточно-Казахстанской области по результатам анкетирования. *Наука и Здравоохранение*, 1, 2017. С. 156-165.

49. Насыртыдинова Н.Ю., Куатбаева А.М. Источник получения информации о вакцинации против ВПЧ в Казахстане // Вестник КазНМУ [электронный ресурс]: <https://kaznmu.kz/press/2016/06/27> (дата обращения 30.06.2016)
50. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 982 Қаулысы.
51. «Қарсы профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу ережесін және халықтың жоспарлы егілуге жатқызылатын топтарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 Қаулысы.
52. «Халыққа профилактикалық егуді жүргізу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар, санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрі міндетін атқарушының 2018 жылғы 13 маусымдағы № 361 бұйрығы.
53. Jamal A., Yahya Y., Karim M.T. Do We Need To Give Measles Vaccine To Children Earlier Than The Currently Recommended Age? // J Ayub. Med. Coll. Abbottabad. - 2018. - Vol.30, №1. - P.111-114.
54. Zhang X.Y., Zhang P.Y. Mobile technology in health information systems - a review // Send to Eur Rev Med Pharmacol Sci. – 2016. – Vol. 20(10). – P. 2140-2143.
55. Chow C.K., Ariyaratna N., Islam S.M., Thiagalingam A., Redfern J. Health in Cardiovascular Health Care // Heart Lung Circ. – 2016. – Vol. 25(8). – P. 802-807.
56. Zhu H., Colgan J., Reddy M., Choe E.K. Sharing Patient-Generated Data in Clinical Practices: An Interview Study // AMIA Annu Symp Proc. – 2017. – Vol. 2016. – P. 1303-1312.
57. Tripoliti E.E., Karanasiou G.S., Kalatzis F.G., Naka K.K., Fotiadis D.I. The Evolution of mHealth Solutions for Heart Failure Management // Send to Adv Exp Med Biol. – 2018. – Vol. 1067. – P. 353-371.
58. Rehman H., Kamal A.K., Morris P.B., Sayani S., Merchant A.T., Virani S.S. Mobile Health (mHealth) Technology for the Management of Hypertension and Hyperlipidemia: Slow Start but Loads of Potential // Send to Curr Atheroscler Rep. – 2017. – Vol. 19(3). – P. 12.
